



3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Джон Локк





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Джон Локк

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Мемлекетсіз ортада да жайлы өмір сүруге болады

Джон Локк (1632-1704) - британ философы, эмпиризм және либерализм өкілі. «Мемлекеттік басқару туралы екі трактат» еңбегінде Дж. Локк өзінің мемлекет туралы ілімін баяндайды. Гоббс тәрізді ол да адамдардың табиғи күйін еркін, өзара тең, тәуелсіз ретінде қарастырады. Бірақ «Табиғи күй мен Соғыс Жағдайын кей адамдар шатастырғанымен, олар бір-бірінен алыс. Бейбітшілік, Қайырымдылық, Өзара Көмек пен Қорғау және Алауыздық, Зұлымдық, Зорлық-зомбылық пен бір-бірінің көзін жою ұғымдары қаншалықты қарама-қайшы болса, жоғарыдағы екеуінің де аралары соншалықты алшақ» - дейді Локк. Мемлекет пайда болғанша адамдар табиғи жағдайда болған. Яғни, жазған жеке адамдар ешкімге тәуелді болмай, әркім өз еркінше өмір сүрген. Бірақ бұл жағдайда адамдар арасында талас-керісті шешетін ұйымдар болмаған. Бұл жағдай сенімсіздік тудыруға ықпал етті. Жаратылыс заңдарын қамтамасыз ету үшін, еркіндік, теңдік, жеке адамдар меншігін және оны қорғау үшін адамдар саяси бірлесіп мемлекет құрайды. Мемлекет - өздерінің орнатқан ортақ заңдары бойынша біріккен және сот инстанциясын орнатқан, өзара керістерді шешу және кінәлілерді жазалау үшін құрылған адамдар бірлестігі. Басқа ұжымдық (отбасы, байлар биліктері) ұйымдардан мемлекет ерекшелігі ол саяси билікті, яғни меншікті сақтап, реттеу мақсатында заңдар шығаруға құқылы, осы заңдарды орындауға күш жұмсай алады, әрі мемлекетті сырттан жасалған шабуылдардан қорғайды. Саяси либерализм негізін қалаушылардың бірі Джон Локк жеке тұлға еркіндігін қамтамасыз ете алатын саяси институттардың теориялық негіздерін қалады. Негізгі шара ретінде билікті бөлу принципі ұсынылды. Локк Джон мемлекеттегі биліктің үш түрін көрсеткен: заң шығарушы, атқарушы және федеративтік.

Дж. Локктың пікірінше, мемлекеттің қалыптасуына дейін адамдар табиғи күйде болған. Мемлекетке дейінгі қауымдастыққа «бәрінің барлығына қарсы соғыс» болған емес. Адамдар ешкімнен рұқсат сұрамай, ешкімнің еркіне тәуелді болмай өздерінің қадір-қасиеті мен меншігіне иелік еткен. «Барлық билік пен құқықтар өзара тиімді жағдайда және ешкім артықшылықта болмаған», теңдік үстемдік құрған..

Джон Локк, «Азаматтық басқару туралы Екінші Трактат»(Second Treatise of Civil Government), Ред. Питер Ласлетт ([1689], студент эдн, Кембридж: Кембридж Университет Пресс, 1988), s. 19, 280

Ғалымдар көбінісіне Локк Гоббстың пікірін ескерді ме деген сұрақ төңірегінде тартысып қалады. Оның ресми мақсаты - патшалардың Құдай берген құқығы туралы ілімді жақтаушы сэр Роберт Филмердің (1588-1653) «патшаға билікті Құдайдың өзі берген» деген көзқарасы еді. Дегенмен, Локктың бірқатар жерлерде Гоббстың пікіріне қарсы келіп отыратынын теріске шығара алмаймыз. Локк Гоббстың еңбегімен жақсы таныс екені де байқалады. Көріп отырғанымыздай, табиғи күйін сипаттайтын екі пікірді салыстыра отырып, бұл екі құбылыстық тереңірек үңілуге болады.

Дегенмен, Гоббс табиғи күйді соғыс жағдайы ретінде анықтады, ал Локк мұның қате пікір екенін көрсетуге тырысты. Локктың ойынша, жалпы мемлекетсіз ортада да, жайлы өмір сүруге болады.

Бұл жерде бізді толғандыратын мәселе - бұл қорытындыға Локк қалай келді? Басқаша айтсақ, Локктың пікірінше, Гоббс қай жерден қателесті?

Басынан бастайық.

1. Локктың айтуынша, табиғи күй шексіз еркіндікті береді;

2. Онда теңдік бар;

3. Оның табиғат заңдарымен байланысы берік. Сөз жүзінде бұл пікір Гоббстың көзқарасына ұқсайтындай көрінуі мүмкін, бірақ бұл үш элементтің әрқайсысына Локк мүлде басқа түсініктемелер берген.

Теңдік принципінің талқылауы

Гоббстың теңдік туралы принципі барлық адамдардың ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктеріне қатысты айтылған. Ал Локк болса, құқықтарға қатысты моральдық талаптар туралы сөз етеді: Ешбір адамның басқа біреуді бағындыруға табиғи құқы жоқ. Бұл пікірдің Құдайдың қалауымен тағайындалған басшы билік жүргізуге тиіс табиғи иерархияның феодалдық көзқарастың жақтаушыларына, әсіресе солардың бірі Фильмерге қарсы айтылғаны анық. Фильмердің пікірінше, Құдай ең алғаш Адам атаны басшы ретінде тағайындаған, ал бүгінгі басшылар тамырын сонау Құдайдың ең алғашқы сыйынан алады. Ал Локктың пікірінше, Құдай ешкімді басшы ретінде тағайындамағандықтан, ешкімнің билік жүргізуге құқы жоқ екені өз-өзінен түсінікті. Гоббс теңдікке қатысты басқа мәселе туралы айтса да, Локктың осы позициясымен келісер еді. Гоббс қауымның билігі кімнің қолында болса, сол адам басшы ретінде мойындалуы тиіс деп есептеген.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Джон Локк

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Мемлекеттің пайда болуы.

Ал адамдардың табиғи қалыптан мемлекетке өтуі табиғи жағдайда құқықтардың тұрақсыздығынан туды. Бірақ «мемлекеттік жағдайда да еркіндік пен меншік сақталуы тиіс. Сонымен бірге жоғары мемлекеттік билік қалай болса солай және шексіз бола алмайды – дейді Локк.

Оның Гоббстан айырмашылығы жеке меншік пен еңбек тақырыбын адамның табиғи ажырамас атрибуттары түрінде түсіндіреді. Оның айтуынша, адамның жеке меншікке ие болу ұмтылысы, адамдардың өздерінің пайдасын көбірек ойлауы табиғи нәрсе

Мемлекеттің пайда болуын Локк адамдардың табиғи құқықтарын, бостандығы мен еркіндігін, жеке меншігін берік қамтамасыз ету мақсатындағы келісім арқылы құрған саяси қауымдастығы деп біледі. Бұндай келісімді ол «кез-келген мемлекеттің бейбіт түрде орнауы халық келісімінің негізі» деп түсіндіреді.

Локк мемлекет туралы ілімінде халықтың егемендігі негізінде қалыптасқан конституциялық монархияны жақтайды. Мемлекет билікті бөлу (заң шығару, атқарушы және сот биліктері) арқылы әлеуметтік топтарға бостандық және құқықтық теңдікті сақтауға кепілдік жасауы тиіс.

Ол конституциялық монархияны орнатуға келісім береді. Енді жер мен қаржы ақсүйектерінің арасында келісімшілік орнады. Осы әлеуметтік компромисс идеолога - Джон Локк («Мемлекеттік басқару туралы екі трактат»).

Ол адамның табиғатынан әлсіздігіне байланысты биліктің бір қолда шоғырлану қаупінің алдын алудың бірден-бір жолы ретінде билікті бөлу қажеттігін көрсеткен. Ал, билік тармақтары арасында дау-жанжал туа қалған жағдайда, оны халық игілігін басшылыққа ала отырып шешу қажет: *salus populi suprema lex* (халық игілігі - жоғарғы заң). Локк Джон қоғамда билік тармақтары арасындағы дау-жанжалдан басқа, өте қауіпті дау-жанжал бар екенін көрсеткен. Ол - азаматтар мен тиран арасындағы дау-жанжал. Міне, осы дау-жанжалды шешу барысында Локк Джон халықтың көтеріліске шығу құқын қолдайды. Халықтың көтеріліске шығу құқын мойындау саяси тарихты көтерілістермен наразылықтарға толтыру емес еді. Себебі, көтеріліс арқылы халық билікті жаңа адамдар қолына бере алады. Локк Джон ілімінде де халықтың саяси қатысуы шектеулі. Дегенмен, көтеріліске шығу, наразылық білдіруді халықтың саяси белсенділігінің бір түрі ретінде қарастыра болсақ, онда саяси жүйенің сипатын, басқару түрін өзгерту Локк Джон халықтың қолында екендігін негіздеген деп қорытындылауымызға болады. Оның ілімінің негізі - меншікті қорғау. Т. Гоббс бойынша мемлекетке жеке адам өзінің бар жаратылыс құқықтарын толығымен беретін болса, ал Локк Джон бойынша мемлекетті құраған адамдар ортақ мақсатқа қажетті тұрғыдан ғана өз құқықтарымен бөліседі.

Табиғи Заңдарының негізі мен мазмұны

Алайда, екі ойшылдың табиғат Заңдарының негізі мен мазмұны жөніндегі көзқарастарында үлкен айырмашылық бар. Гоббстың пікірінше, табиғаттың негізгі заңының мәні мынада: егер басқалар да қаласа, онда бейбіт келісімде өмір сүру қажет, олай болмаған күнде соғыс жағдайын өз пайдаға жарата білу керек. Гоббстың осы және басқа он сегіз Заңы «ақыл теоремалары» деп аталды. Гоббс сияқты Локк та табиғат Заңының мәніне ақыл-ойдың күші арқылы жетуге болатынына сенеді, алайда Локк заңында Гоббс заңында кездеспейтін теологиялық аспект орына алады. Локктың айтуынша, Заңның мәні мынада: ешбір адам басқа біреудің өміріне, денсаулығына, бостандығына немесе мүлкіне зиян келтірмеуге тиіс. Локк мұның бір себебінің жер бетінде басшыларымыз болмаса да, көкте бір басшының бар екендігімен түсіндіреді. Басқаша айтқанда, біздің барлығымыз - Құдайдың жаратылысымыз, оның жерде қызметке қойылған мүліктері 'басқа рахаттарға емес, осы кезеңге арналған'. Сондықтан, «Әркім ... өзін-өзі қорғауға және өз жағдайынан өз еркімен бас тартпауға міндетті; сондықтан, егер оның өміріне қауіп төнбесе, ол қолынан келгенше Адамзаттың қалған бөлігін сақтауға тиісті (Екінші трактат, s. 6, 271). Локктың көзқарасында табиғат заңы - адамзат барынша сақталуы керек деген қарапайым идея. Сондықтан, Локктың пікірінше, табиғи күйде басқа адамдарға қиянат жасамауға тиіспіз (қорғану мақсатында жасалатын кейбір әрекеттерді есептемесек), сондай-ақ егер өзімізге кесірі тимейтін жағдайда өзгелерге көмектесуге де міндеттіміз.

Гоббс пен Локктың табиғат Заңдарының негізі мен мазмұнына қатысты көзқарастарының арасында әжептәуір айырмашылық бар. Әсіресе, олар өз еңбектерінде «табиғи еркіндік» терминін түрліше қолданған. Гоббстың көзқарасы бойынша, байқағанымыздай, табиғи еркіндігіміз бар деп айту - бұл моральдық сыннан тыс қалатын рационал түсінікті білдіреді. Сонымен қатар өмірімізді сақтап қалу үшін барлық амалды жасауға, қажет болса, тіпті кінәсіз адамдарға да шабуылдауға да болатынын көрсетеді.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Джон Локк

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Локк бұны мүлдем басқаша түсінеді, оның пікірінше, табиғи күй «Еркіндік күйі» болғанымен, ол әлі де Заңды еркіндік күйі емес... Табиғи күй барлық адамды міндеттейтін табиғат Заңына бағынады («Екінші трактат, С. 6, 270»). Локктың пікірінше, табиғи еркіндік дегеніміз бұл табиғат заңы аясында рұқсат етілген нәрсені жасау еркіндігі. Яғни, моральға қайшы келмейтін нәрселерді жасауға ғана еркіміз бар. Мысалы, Локктың Табиғат Заңы маған басқалардың меншігін тартып алуға тиым салса да, менің еркіндігімді шектемейді. Әрине, Локк (біздің өзімізді қорғауға құқымыз бар екенін мойындағанмен) Гоббстың табиғи күйде адамның барлық нәрсеге, тіпті біреудің тәнін иеленуге де құқы бар деген тұжырымымен келіспес еді.

Гоббс пен Локк арасындағы осы келіспеушілік Локктың табиғи күйде міндетті түрде соғыс жағдайы орын алады деген қорытындыға келуі үшін жеткілікті ме? Әлбетте, Локк үшін тіпті табиғи күйде де адамның іс-әрекетін шектейтін моральдық борыштың болуы маңызды. Алайда, бұл табиғи күйде қорқыныш пен күдіктің болмағанын көрсетпейді.

Гоббс табиғи күйде соғыс өртің дәл осы қорқыныш пен күдіктің тұтататынын айтады. Локк бұл жағдайдың алдын алу үшін табиғи күйде мораль орын алуы керек деп есептейді, бірақ бұл жеткіліксіз, адамдардың да табиғат Заңдарына сай әрекет етуге ынталы болуы қажет.

Бұл Гоббстың пессимистік қорытындысына қарсы стратегияны көрсетеді. Гоббстың пікірінше, адамдарды әрекет етуге бақытты өмірге деген ұмтылыс (үнемі өздері қалаған нәрсеге қол жеткізуге деген талпыныс) итермелейді, ал мұның өзі адамдар арасында конфликт тудырады. Гоббс адамдардың мотивациясын дұрыс сипаттамады делік, яғни адамдар табиғатынан шынымен де альтруист делік, ал ондай жағдайда бейбіт өмірге қол жеткізу оңай болмақ. Бұл Локктың қорытындысына апарар бір жол дер едік. Локктың ұстанған бағыты осы ма? Локк

Екі трактат кітабында адамдық мотивация теориясын ұсынбайды, алайда, оның адамдар моральдық заңдарға өздігінен бағынады деп ойламағаны байқалады. Шындығында оның ойы Гоббстың мына пікіріне жақын: «Егер Табиғи күйде Заңды орындататын және сол арқылы жазықсыз адамдарды қорғап, ал қылмыскерге тұсау салатын адам (басшы) болмаса, онда осы әлемдегі адамдарға қатысты барлық заңдар сияқты, табиғат Заңы мағынасыз болар еді» (Екінші трактат, С. 7, 271). Басқаша айтқанда, барлық заңдар сияқты табиғат заңының орындалуын да қағалайтындар болуға тиіс. Осындай органсыз бұл бос әрекет болып қалады.

Гоббс, табиғи күйде өзінің табиғат Заңдарының тиімсіз екенін мойындауға әзір. Алайда, Локк, Гоббс сияқты емес, Табиғат Заңдарының қажетсіз екеніне келіспейді: оның ойынша, табиғат заңдары - бұл Құдайдың заңы, ал Құдай ештеңені де тегін жаратпайды. Сондықтан заңның орындалуының бір жолы болуға тиіс: яғни оның сақталуын қадағалауға билігі жететін адам қажет. Бірақ табиғи күйде адамдардың барлығы тең, сондықтан біреудің қолында бар билік болса, бәрімізде де болуға тиіс. Сондықтан Локк табиғат заңын бұзғандарды жазалауға әр адамның табиғи құқығы болуы керек деген қорытындыға келеді. Біздің әрқайсымыз біреудің өміріне, бостандығына немесе меншігіне зиян келтірген адамды жазалауға құқылымыз.

Жазалау құқығы қорғану құқығымен бірдей деп қателеспеу керек. Жазалау құқығы дегеніміз зиян тигізетін немесе нұқсан келтіретін белгілі бір әрекеттердің алдын алу ғана емес, сондай-ақ табиғат заңын бұзған кез-келген адамды тиісті жазасын өтеуге мәжбүрлеу құқығы. Локктың өзі «оғаш доктрина» деп атаған бұл ойы оның табиғи күй туралы қорытындыға келуінде үлкен роль атқарады. Егер Табиғат Заңдары орындалатын болса, біз салыстырмалы түрде бейбіт өмір сүре аламыз, заң бұзушылар тиісті жазасын алып, келтірген шығынды өтейді, сондай-ақ болашақта ондайлардың және басқалардың мұндай әрекеттеріне тосқауыл бола аламыз деп үміттенуге болады: «Кез-келген қылмыскерді өзінің теріс қылығы үшін өкінетіндей етіп және өзгелерді осындай әрекеттерден қорқыту арқылы олар өздерін тыятындай етіп қатаң түрде жазалау қажет» (Екінші Трактат, б. 12, 275). Жазалауға қатысты бұл табиғи құқық тек әділетсіздіктен зардап шеккендермен ғана шектеліп қалмауы қажет. Ондай жағдай орын алса, өкінішке орай, кісі өлтіргендер жазадан құтылып кетеді. Бірақ, бұдан да маңызды нәрсе бар жәбірленуші қылмыскерді еркіне көндіріп, одан шығынын өндіріп алуға күші не билігі жетпеуі мүмкін.

Сондықтан, Локктың пікірінше, заң бұзушылар бәріміз үшін қауіпті, өйткені олар біздің бейбіт өміріміз бен қауіпсіздігімізге қатер төндіреді, сол себепті де табиғи күйде әр дамға Локктың сөзімен айтсақ, «табиғат заңының атқарушы билігі» беріледі. Локктың пікірінше, қылмыстың орын алғанына ашынған азаматтар жәбірленушімен бірігіп, қылмыскерді жауапқа тарта алады өйткені бірлескен кезде олардың қолына бұл үшін қажетті билік тиеді.

Локк қылмыскерді жазалауға қатысты табиғи құқымыздың бар екені туралы пікірдің тосын көрінетінін



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Джон Локк

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

түсінеді. Дегенмен мұны түсінбейінше, кез-келген мемлекет басшысының сол елдің заңын бұзған шетелдікті жазалауға құқығының бар екенін түсіну қиын екенін айтады. Егер шетелдік бұл заңдармен келіспесе, оларды бұзғаны үшін жауапты екенін мойындамайды. Сондықтан жазалаудың қандай да бір табиғи құқығы болмаса, бұл адамның алған жазасы әділ болмайды. Шын мәнінде, мемлекет басшысы мен шетелдік арасындағы дау табиғи күйде орын алғандықтан, басшының іс-әрекеті мемлекет заңдарымен емес, табиғат Заңының Атқарушы билігімен заңдастырылады. (Шындығында, 2 тарауда Локктың басшы құқығына қатысты әлдеқайда анық стратегиясының бар екенін көруге болады: шетелдік заңмен үнсіз келіседі.)

Егер табиғат Заңының күші болса, табиғи күйде басқа құқықтарды қорғауға мүмкіндік туар еді. Мысалы, Локк үшін ең маңыздысы – жеке меншік құқығы. Аргументтің негізгі формасы қандай болуы керектігін әлден-ақ көре аламыз. Құдай бізді жерге аштықтың зардабын тартсын деп жіберді деп ойлау ақылға қонымсыз болар еді. Алайда біз алма мен емен жаңғағын дұрыс тұтына алмасақ, аш қаламыз; сонымен бірге, егер адамдар жерлерін ешкімнен қауіптенбей, өзгелерді ортақтастырмай иелене алса, жағдай да жақсарар еді. Біз жерімізді өңдеп, өнімінің қызығын көрер едік. (Біз бұл аргументке 5 тарауда толығырақ тоқталамыз.)

Қазіргі оқырманға Локктың Құдайға және оның мақсаттарына үнемі жүгініп отыруы біртүрлі қиын көрінуі мүмкін. Саяси философия мәселелерін теологиялық шеңберден тыс қарастыруға болмас па еді? Дегенмен, Локк өзінің аргументтерінің негізін қалаған кезде «табиғи санаға» көп маңыз бермесе де, оған жиі жүгінеді. Мысалы, ол адамдар жерді басқа барлық адамдардың рұқсатынсыз пайдалана алмайды деген пікірді ақылға сиымсыз деп есептейді, өйткені олай болса, біз аштан өлер едік. Бұл балама, әрине, шындыққа жақын болып көрінуі мүмкін, сондықтан Локктың кейбір ізбасарлары оның көзқарастарының теологиялық негіздерін есепке алмай, «табиғи сана» тәсілін қабылдауға дайын болды.

Негізгі аргументке қайта оралатын болсақ, Гоббс пен Локк арасындағы негізгі ерекшелік мынада: Локк табиғи жағдайда да жазалаудың табиғи құқығына негізделген міндетті және тиімді моральдық заңның болуы мүмкін деп ойласа, Гоббс бұл тұжырымға күмәнмен қарады. Гоббстың Локкқа қалай жауап беретінін елестетуге болады.

Гоббстың пікірінше, кез-келген күшті жеңудің жалғыз жолы - одан да қуатты күшке ие болу. Осылайша, барлығымыз бірігіп, қаскүнемнің шығынды өтеуін талап етіп қана қоймай, сондай-ақ мұндай әрекеттердің алдын ала аламыз. Алайда, қаскүнем жетесіз адам болса, кек алу үшін мүдделестерімен күш біріктіріп, қаруланып қайта оралуы мүмкін. Мұндай ойлар табиғат заңдарын жүзеге асыру үшін атқарушы билігін қолдануды көздейтіндерді тежейтін маңызды фактор бола алады. Егер, сіз болашақта басым бөлеге қалсын демесеңіз, бүгін ештеңеге араласпаңыз. Сондықтан тайпа не топтың өз ішіндегі дауларды шешіп, шешімдердің орындалуын қадағалайтын беделді жетекші болмаса, адамдардың қылмыскерлерді жазалауға қатысты табиғи құқы аса тиімді болмас еді деген пікірге Гоббс, бәлкім, қарсы шығар еді. Бірақ бұл жас мемлекет болар еді. Сондықтан табиғи күйде жазалау құқығы болғанмен де, ол бейбіт өмірге қол жеткізу жолында аса тиімді болмас еді.

Дегенмен, Гоббс пен Локк арасындағы айтарлықтай айырмашылық жайында мен әлі сөз қозғағам жоқ. Естеріңізде болса, Гоббстың пікірінше, адамдарды соғысқа итермелейтін негізгі факторлардың бірі - тауар тапшылығы дегенбіз. Екі адам да бір нәрсені иеленгісі келеді, ақыры жауласып тынады. Локк бұған мүлде басқа қырынан қарайды: оның пікіріне сүйенсек, табиғаттың құшағы - толған байлық. Жердің табиғи байлығы мол және барлық адамға орын жеткілікті, «әсіресе, ерте ғасырларда егістік жерлердің тапшылығына қатысты қиындық әлі туындамаған еді, ол кезде адам аяғы баспаған аймақтарда өз тобынан адасып қалу қаупі күштірек еді (Екінші трактат, бет 36, 293) «Демек, Локктың пікірінше, мұндай шарттарда конфликт пен дау тудыратын себептер өте аз болмақ. Адамдардың басым көпшілігі көршілерінің жерін басып алғаннан гөрі, өз жерлерін өңдегенді жөн санар еді, сол себептен, салыстырмалы түрде бейбіт өмір орнығып, дау-дамай тудыратын себеп те азаяр еді деп ойлауға негіз бар. Бұл пікір дұрыс болса, табиғи күйде бейбіт өмірге тек жазалау арқылы ғана қол жеткізбейміз, сонымен бірге, оны сирек қолдану факторы да маңызға ие.

Бұл шындыққа қаншалықты сай келеді? Әрине, Гоббс жер жеткілікті болғанмен, тұтынатын дайын тауарлар бәрібір тапшы бола береді дер еді. Жер жыртып, егін егіп, өнімді жинап жүргенше, біреу өсірген дайын түсімді ұрлап алу оңай ғой. Гоббстың пікірінше, егер, басқа адамдар да дәл осындай ойда болса, онда мен егін егіп, күшімді зая кетіремекпін, себебі, мен өсірген өнімдердің қызығын басқалар көрмек. Бұл тұжырымды теріске шығару үшін, Локк, адамдардың жазалауға деген табиғи құқығының тиімді болатынын немесе адамдардың моральдық заңға бағынуға ынталы екендерін дәлелдеуі тиіс. Әйтпесе,



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Джон Локк

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

теріс әлеуметтік көзқарастағы бірнеше ғана адам бәрін бүлдіруі мүмкін.

Локк, түптеп келгенде, өзі о баста болжағанындай табиғи күйде бейбіт күн кешудің мүмкін еместігін мойындауға жақындап қалды. Тым құрығанда, Локктың оны тым ғажап етіп сипаттаудан абай болуы керек еді, себебі, адамдар неліктен табиғи күйден бас тартып, мемлекет құрғанын түсіндіру қиынға соғады. Локктың пікірінше, негізгі мәселені сот төрелігіне қалдыруда әділ атқаруда жатты. Мәселе біздің тауарларға қатысты дауласуымызда емес, әділдік талап ететін жағдайларға байланысты пікір таластыруымызда жатыр.

Басқаша айтқанда, біздің табиғат Заңының түсіндірмесіне қатысты пікірлеріміз өзара қарама-қайшы болуы мүмкін. Адамдардың бұл жерде қылмыс орын алды ма, жоқ па деген мәселеге қатысты пікірлері екіге жарылады. Олар берілетін жаза мен өндірілетін шығынға қатысты да өзара келісе алмайды. Күштері жетпегендіктен, олар өздері әділ деп тапқан жазаның берілуіне қол жеткізе алмаулары мүмкін. Сонымен, сот төрелігін жүзеге асыруға ұмтылу тіпті, заңға бағынатын тәртіпті азаматтар арасында да үлкен дау тудырады. Бұл жағдайды Локк табиғи күйдің басты «қолайсыз» тұсы ретінде көреді. Аса жағымсыз жағдайлардың алдын алатын нәрсе - о баста жер жеткілікті болғандықтан, оған қатысты дау да аз болады деген ой.

Алайда, Локк о баста жердің жеткілікті болуы ақыр соңында кедейлікке ұрындыратынын түсінеді: бұл мәселе халық санының артуына байланысты емес, ашкөздік пен ақшаның «пайда болуына» қатысты орын алады. Ақша пайда болғанға дейін адамдарда өз отбасын асырауға жететін жерден басқа артық жер иемденуге итермелейтін себеп болған жоқ. Егер сіз өзіңіз тұтынатын мөлшерден артық өнім алып, оны бұзылмайтын әлденеге айырбастай алмасаңыз, бәрі текке шіріп кетеді. Бірақ ақша қолданысқа енген сәттен бастап мұндай айырбасты оңай жасап, қомақты соманы жинауға болады әрі ол бұзылып кетеді деген қауіп те жоқ. Бұл жағдай адамдардың жерді артығымен өңдеуіне, сол арқылы сату үшін артық өнім өндіруіне таптырмас себеп болмақ. Бұл өз кезегінде, жерге таласты күшейтеді және Локктың пікірінше, дәл осы себепке байланысты жер жеткіліксіз бола бастайды. Локк мұндай тапшылық Гоббс айтқан соғыс жағдайына жеткізбейтінін айтады, бірақ, өнім алуға жарамды жер тапшы бола бастағаннан-ақ дау-дамай көбейе түседі, табиғи күйдегі қолайсыздықтар да арта бермек. Азаматтық Үкімет құру қажеттігі туындайды. Сондықтан, бастапқыда бәрі тыныш болғанымен, бара-бара табиғи күйдің адам төзгісіз жағдайға жететінін тіпті Локк та мойындайды.